

1996 жылғы 26 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 313 Жарлығы.

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған 1996 жылғы 26 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Рәпіл Сейітханұлы Жошыбаевқа 1996 жылғы 26 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 01.07.2021 № 610

Жарлығымен.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2020 жылғы 30 сәуірдегі
№ 313 Жарлығымен
МАҚҰЛДАНҒАН
Жоба

1996 жылғы 26 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ХАТТАМА

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы (бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталады)

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық көмек көрсету туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) 43-бабын негізге ала отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Шартқа мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Шарттың 4-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап Құқықтық көмек көрсету кезінде қатынастар жасау тәртібі

Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы өтініш жасаған кезде Уағдаласушы Тараптардың соттары және басқа да органдары мен мекемелері, егер осы Шартта өзгеше белгіленбеген болса, өздерінің құзыретті мекемелері арқылы бір-бірімен өзара қатынас жасайды.

Уағдаласушы Тараптар тағайындалған құзыретті мекемелер, олардың функциялары мен байланыс деректері туралы бірін-бірі дипломатиялық арналар арқылы дереу хабардар етеді."

2. Шарттың 22-бабы 2-тармағының екінші және үшінші абзацтарында "қаулысы," деген сөзден кейін "сот бұйрығы," деген сөздермен толықтырылсын.

3. Шарттың 23-бабы 2-тармағының в) тармақшасы "іске қатыспаған" деген сөздің алдынан "сот бұйрығын тану және орындау туралы өтінішхатпен жүгіну жағдайларын қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын.

4. Шарттың 28-бабы алып тасталсын.

5. Шарттың 40-бабынан "және 28" деген сөздер алып тасталсын және мынадай редакцияда жазылсын: "Уағдаласушы Тараптар осы Шарттың ережелерін түсіндіру немесе орындау мәселелері бойынша туындайтын дауларды осы Шарттың 4-бабында көрсетілген тиісті орталық органдар арасындағы консультациялар не дипломатиялық арналар арқылы шешеді."

2-бап

Осы Хаттама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Уағдаласушы Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама Шарттың қолданылуы тоқтатылуымен бір мезгілде өз қолданылуын тоқтатады.

202_ жылғы " _____ " _____ қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде әрқайсысы екі данада жасалды әрі барлық мәтіндер бірдей тентүпнұсқалы болып табылады.

Қазақстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК